



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық құқықтың табиғаты  
және оның дамуы



Бұл курсымыз халықаралық құқық саласындағы алдыңғы қатарлы еңбектердің бірі – Малколм Шоудың «Халықаралық құқық» атты оқу құралы туралы болмақ.

Бұл кітап осымен сегізінші мәрте баспа бетін көріп отыр. Сегізінші рет басылып шығуының өзі аталмыш еңбектің құндылығы, өзектілігі туралы қандай да бір күмәнді сейілтеді. Еңбектің авторы, тегі ағылшын Малколм Шоу – Ұлыбритания Патшайымының кеңесшісі атағын алған беделді заңгер, Эссекс палатасының барристері, жазушы, маңдайалды халықаралық заңгерлердің бірі.

Оның «Халықаралық құқық» кітабы алғаш рет 1977 жылы жарық көрді. Содан бері бұл кітаптың құндылығы артып, әр уақытта жоғары сұранысқа ие болып келеді. Соңғы басылымы 2017 жылы жарық көрген еңбек мазмұндық жағынан біршама толықтырылған. Әсіресе, халықаралық қатынастарда жиі орын алған күш қолдану мен санкцияларды саралауға айрықша мән береді. Оқулық академиялық тиянақтылығымен, түсінікті және тартымды стилімен ерекшеленеді. Саладағы алдыңғы қатарлы принциптерді, практика мен кейстерді қамтып, халықаралық құқықтың қызықты детальдарын егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Егер сіз келешекте халықаралық құқық саласына мамандансаңыз, бұл еңбек сізге халықаралық құқық жөнінде батыстық көзқарас, соның ішінде ағылшындық сарапшылар мен ғалымдардың көзқарасы тұрғысынан егжей-тегжейлі мағлұмат береді, яғни отандық және ресейлік оқулықтарда кездесетін таныс тұжырымдармен салыстырып қарауға мүмкіндік аласыз. Соның арқасында халықаралық құқық бойынша терең әрі жан-жақты білім алуыңызға болады.

Осы кіріспе дәрісте мен сіздерге аталмыш еңбекте қамтылған 5 негізгі бағыт туралы аз-кем тоқтала кеткім келеді.

1. Халықаралық құқықтың табиғаты мен оның дамуы.
2. Халықаралық қауымдастықтағы құқық және саясат.
3. Халықаралық жүйенің қалыптасуы.
4. Халықаралық құқықтың негізгі даму тарихы.
5. Қазіргі халықаралық құқықтың негізін қалаушы ғалымдар мен тұлғалар.

## **Халықаралық құқықтың табиғаты және оның дамуы**

Құқық дегеніміз – қоғам мүшелерін өздері таныған құндылықтар және стандарттармен байланыстыратын элемент. Бір жағынан ол адамдарға құқықтары мен міндеттері аясында заңды қарым-қатынас қалыптастыруға ерік береді. Екінші жағынан, ол заңдық реттеулерді бұзғандарға ымырасыз болады.

Ал халықаралық құқыққа келетін болсақ, оның негізгі субъектілері ретінде жеке тұлға, азаматтар емес, мемлекеттер танылады. Бұл орайда, мына жайтты ескерген жөн. Малколм Шоу мемлекеттерді, жәй «States» деп қана қоймайды, «nation-states» деп атайды, яғни «ұлттық мемлекеттер» дегенді мағынаны білдіреді.

Халықаралық құқықтың өзін екіге бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі – ол қазақстандық құқық ғылымында халықаралық жеке құқық деп аталатын заңдар қайшылығы.

Ағылшын жүйесінде Заңдар қақтығысы – «Conflict of Laws» деп аталады. Бұл көбінесе, шетелдік құқықты қолдану және шетелдік соттардың рөлі мәселелерін көтереді. Мысалы, қазақстандық азамат Мәскеуде орналасқан тауар бойынша Ресейде контракт жасасып, оны елде сатқан болса, туындаған дауды қазақстандық сот Ресей құқығы бойынша қарайды.

Екіншісі – халықаралық жария құқық немесе халықаралық құқық (осы жерде халықаралық құқық деп сөйлеген кезде әрдайым халықаралық жария құқықты меңзейтінімізді көрсететін теңдікті қоюға болады). Бұл жай ғана құқықтық тәртіпке қосымша емес, ол – дербес құқықтық жүйе. Бұл кітап дәл осы құқықтық жүйе туралы болмақ. Халықаралық жария құқық мемлекеттер арасында орын алатын, соғыстан бастап ғарыш спутниктеріне дейінгі, саудадан бастап адам құқықтарына дейінгі барлық қарым-қатынастарды қамтиды және көптеген халықаралық және аймақтық институттардың жұмысын реттейді.



## Халықаралық қауымдастықтағы құқық және саясат арақатынасы

Бір нәрсенің басын ашып алған жөн. Халықаралық құқық үйреншікті құқық моделіне сәйкес келмейді. Егер құқық жүйесінде әрдайым атқарушы, заң шығарушы және сот билігі болатын болса, халықаралық құқықта мұндай органдарды анықтау мүмкін емес, яғни Заң шығарушы орган жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясына барлық мемлекеттерден жиналған делегаттар қатысады және оның шешімдері, кейбір ерекшеліктерді есепке алмағанда, міндетті болып саналмайды.

Халықаралық Сот Гаага қаласында орналасқаны мәлім. Бірақ ол сот дауды тек екі тарап келісім берген кезде ғана қарай алады. Бұдан бөлек, халықаралық құқықта атқарушы орган мүлдем жоқ екенін ескеруіміз керек. Иә, БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі кейбір сәтті шешімдерді қабылдаған болатын. Дегенмен оны толықтай атқарушы билік деп атауға келмейді.

Халықаралық құқық қалайша «құқыққа» айналады? Бұл сұраққа жауап беру үшін жергілікті құқық пен халықаралық құқықты салыстыруды негізге алу керек. Бұл жөнінде алдағы дәрістерде жеке-жеке тоқталып өтеміз.

XIX ғасырдың ортасында ағылшын философы Джон Остин «санкция мен жазалауға арқа сүйеген сувереннің пәрмені» түсінігіне негізделген құқық теориясын ұсынған еді. Бұл концепция құқықты тым қарапайым деңгейге түсіріп жіберді. Дегенмен «мәжбүрлеу» идеясы халықаралық құқыққа үңілу кезінде өте айрықша маңызға ие.

Мемлекет ішіндегі құқыққа тән санкциялардың біртұтас жүйесі халықаралық құқықта жоқ. Бірақ күш қолдануды ақтайтын және оны заңды деп тануға мүмкіндік беретін жағдайлар ара-тұра ұшырасады. Мәселен, 1966 жылғы Родезияға қарсы экономикалық санкциялар немесе 1950 жылы Корей соғысында Қауіпсіздік кеңесі салған әскери санкциялар. Ал 1990 жылы Иракқа қарсы экономикалық та, әскери де санкциялар салынды.

Жалпы, күшпен мәжбүрлеу санкциялары сирек қолданылады. Себебі ондай әрекетті жасау үшін Қауіпсіздік Кеңесінің бес тұрақты мүшесі қарсы болмауы керек (немесе келісімі қажет).

Дегенмен тарих бетінде әртүрлі оқиғалар орын алып жатады. 1946–1971 жылдар аралығында Қытай Халық Республикасының орнына Қауіпсіздік кеңесінде Қытай Республикасы қатысқан болатын. Ол кезде Қытай Республикасын КСРО танымаған еді. Сол себепті КСРО Қауіпсіздік Кеңесіне қатыспай, сегіз айға бойкот жариялады. Дәл осы уақытта Кореяға қарсы күш қолдану резолюциялары қабылданды. Бұл резолюциялардың легитимділігіне қатысты көптеген пікірлер айтылған. Олар көбінесе сол территорияға қатысты белгілі бір саяси ұстанымды көрсетеді. Дегенмен сіздер білу керек бір нәрсе, ол – Қазақстанның ресми ұстанымы бойынша Тайвань (Қытай Республикасы) тәуелсіз мемлекет ретінде танылған жоқ.

Бұдан бөлек, мемлекеттердің өз-өзін қорғану үшін күш қолдана алады. Өз құқықтарын қорғау үшін күшке жүгіну процедурасы әлі жетілмеген заң жүйелеріне тән еді, бірақ қазірге жергілікті құқықтық тәртіпте мұндай процедуралар мен әдістер бекітілген биліктің қатаң құзырында.

Халықаралық құқық бойынша мемлекеттер агрессия орын алған жағдайда немесе басқа мемлекеттердің заңсыз әрекеттеріне жауап ретінде қорғану амалдарын қолдануы мүмкін.

Ондай кезде әр мемлекет қалай, қандай мөлшерде күш қолданатынын өзі шешеді және оны заңдылығына төрелік айтатын ешқандай жоғарғы орган жоқ. Бірақ халықаралық құқықта әскери жанжалдардың қатысушыларына қатысты тежеуші және гуманистік принциптерден құралған халықаралық гуманитарлық құқықтың ережелері бар.

«Күш элементтерін» барлық теориялардың алдына шығару халықаралық құқықтың құқықтық табиғатын анықтау аясында көптеген қиындықтарға алып келеді. Ең бастысы, мына нәрсені ұмытпау қажет, қазіргі халықаралық құқық саласындағы тренд – күш қолдануды барынша болдырмау.

## Халықаралық жүйе

Көптеген қоғамдық жүйелерде билік тігінен, яғни жоғарыдан төменге қарай (вертикаль) жүзеге асырылып, белгілі бір иерархияға бағынатын болса, халықаралық жүйе көлденеңінен



таралып, құқықтық теорияда тең деп танылған әлемдегі 190 тәуелсіз мемлекетті түгел қамтиды. Халықаралық құқық мемлекеттер арасында өмір сүреді. Ал заң адамдар үшін ардайым жоғары тұрады. Адамдарда екі таңдау ғана бар: олар заңға бағынады немесе бағынбайды. Ал халықаралық құқықта мемлекеттер құқықты шығаруға қатысып, бағыну не бағынбауын өзі шешеді. Бұл, өз алдына, халықаралық құқықтың қайнар көздері мен қабылданған құқықтық ережелердің орындалуына өз әсерін тигізеді.

Халықаралық құқық, бірінші кезекте, мемлекеттер арасында жасалған шарттар халықаралық шарттардың арқасында қалыптасты. Бұл халықаралық шарттар міндет жүктейтін ережелерден және мемлекеттер тәжірибесінен түзіледі, сонымен қатар, халықаралық қауымдастық таныған үлгілі және дәстүрлі ережелер жиынтығынан тұрады.

Бұл ережелер әртүрлі халықаралық қатынастардың сан алуан салаларын реттейді. Дау туындаған жағдайда шешу жолдарын қарастырады. Бір мемлекет міндетін орындауға селқос қараған жағдайда не болады?

Бұл жағдайларға халықаралық құқық көптеген әдістер мен тәсілдері бар. Олар туралы алдағы дәрістерде кеңінен талқылайтын боламыз. Дегенмен мемлекеттердің халықаралық құқықтық нормаларды бұзуының жалғыз себебі – ол мемлекеттердің өз мүддесін қорғауға талпынысы. Ал мемлекеттің басына қауіп-қатер төнген кезде, халықаралық құқық екінші орынға ысырылып қалады.

Халықаралық шарттар мүлтіксіз жұмыс істеуі үшін мемлекеттің келісімі қажет. Бұл жалпыға ортақ ереже болғанмен, қазіргі халықаралық құқықтағы келісім (консенсус) доктринасы да өзін-өзі ақтап келеді. Бұл доктрина бойынша көптеген мемлекеттер халықаралық құқық нормаларын қалыптастыруға және басқа мемлекеттердің сол нормаларды қабылдауына ықпал етеді. Мысалы, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері, халықаралық қауымдастық толыққанды мүшесі болу үшін өзі бұрын-соңды жазуға қатыспаған көптеген халықаралық шарттарды ратификациялады.

## Тарихи дамуы

Малколм Шоу халықаралық құқықтың тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастырады.

Біріншісі – Бастапқы пайда болу кезеңі. Біздің заманымызға дейінгі 2100 жыл бұрын тарихшыларға Месопотамия деген атпен белгілі жерде Лагаш және Умма қалаларының басқарушылары арасында маңызды шарт жасалған еді. Бұл шарт тасқа қашалып жазылған және екі қала арасындағы шегара орнатуды көздеген. Келесі маңызды халықаралық шарт мың жылдан кейін жасалды. Мысыр перғауыны Рамзес 2 және Хет патшасының арасында Солтүстік Дамаскіде бейбітшілік және достық қарым-қатынас орнату туралы шарт жасалды. Сонымен қатар, оның ішінде бір-бірінің территориялық тұтастығын құрметтеу, агрессияны тоқтату және бірлесіп қорғану нормалары келтірілген.

Сол уақыттан бері көптеген Таяу Шығыстың талай бәсекелес елдері халықаралық шарт жасасты. Біреулері бір мемлекеттің екіншіге бағыныштылығын көрсетсе, екіншілері мықтырақ империяның әсеріне төтеп беру үшін саяси альянс құру мақсатында жасалған.

Мысалы, Греция қалаларының арасындағы шарттардың өзіндік ерекшеліктері болды. Халықаралық шарттар коммерция мен саяси байланыстарды дамытуға қолайлы жағдай туғызды.

Рим империясының әсері орасан зор болды. Шетелдік азаматтар арасындағы және шетелдік азаматтар мен өз азаматтары арасындағы қатынастарды реттеу жеңілдетілді. Осы кезде *jus gentium* және *jus civile* атты ережелер қалыптасты.

Екінші кезең – Орта ғасырлар мен Ренессанс кезеңін қамтиды. Орта ғасырлардағы халықаралық құқық ұйымдастырылған Шіркеудің билігімен сипатталады. Қасиетті Рим Империясының басқарушылары және дінбасылардың арасында араздық жиі орын алған. Тылсым күштердің мойындауымен сипатталған канондық құқық пен Қасиетті Рим Империясының билігінің маңызы зор болды. Сонымен қатар, сауданың жақсы жүруіне байланысты коммерциялық құқық дами бастады. Бүкіл Еуропа елдерінде коммерциялық дауларды шешетін соттар құрыла бастады. Теңіз құқығы дамып, өз дәстүрлі құқықтың сорабы қалыптасты. Оларды кейін Еуропа континентіндегі барлық елдер қабылдай бастады.



Уақыт өте келе адам мен мемлекет қарым-қатынастарын реттейтін жаңа концепциялар қажет болды. Шіркеу билігінің әлсіреуі мен «еркін ойлаудың» таралауы, табиғи құқықтың қалыптасып, дамуына өз әсерін тигізді.

## Қазіргі халықаралық құқықтың негізін қалаушылар

Халықаралық құқыққа деген жаңа көзқарастардың түп негізінде Испанияның Алтын дәуіріндегі испандық философтар мен құқықтанушылардың үлесі зор. Жаңа көзқарастағы буынның басты өкілдерінің бірі, Саламанка Университетінің профессоры – Франциско Витория, (1480–1546). Оның еңбектерінде Испанияның Латын Америкадағы басқыншылық саясаты туралы баяндалады. Сол заманның озық ойларын қағазға түсірген Франциско жаулап алынған үнді халықтарын өзінің заңды жеке мүддесі бар ұлттар ретінде қарауды ұсынды.

Теология профессоры Суарез (1548–1617) «халықаралық құқықтың міндетті сипаты Табиғи құқыққа негізделген, ал табиғи құқықтың мәні бойынша келісілген шарттар орындалуы қажет» деген тұжырымға тоқтаған.

Солтүстік Италияда дүниеге келіп, кейін қудалаудан Англияға бас сауғалап, протестантизмді қабылдаған Альберто Джентили (1552–1608) өзінің «De Jure Belli» еңбегін 1598 жылы жариялады. Бұл туынды соғыс құқығын жан-жақты талқылаумен қатар, халықаралық шарттарға тұтас бір бөлімді арнаған.

1583 жылы дүниеге келген, халықаралық құқықтың атасы атанған Гуго Гроций, «табиғи құқықтың мызғымастығы сондай, оны тіпті құдай да өзгерте алмас еді» деген тұжырымды жасаған. Кейінгі кезеңдерде натурализм және позитивизм мектептері қалыптасты. Біріншілері, халықаралық құқықты толықтай табиғи құқық ретінде анықтағысы келсе, екіншілері халықаралық құқық пен табиғи құқықты екі бөлек жүйе ретінде қарастырды. Натурализмның көрнекті өкілдерінің бірі – Самуэль Пуфендорф дәстүрлі ережелердің жарамдығын мойындамай, заманауи халықаралық құқықтың бағытын қате түсіндіреді.

Позитивистік көзқарас Ренессанс кезеңінде қалыптасқан эмпирикалық амалдардан туындады. Позитивизм Вестфалия Бейбітшілігі орнағаннан кейін жаңа ұлттық мемлекет жүйесі қалыптасуымен бірге дамыды. Сол уақыттарда Бодин және Гоббс ұсынған егемендік (суверен) теориясы өз орнын ала бастады.

XIX ғасырдың басына дейін әртүрлі тарихи оқиғалармен байланысты тағы да көптеген еңбектер жазылған. Әрқайсысы халықаралық құқықтың дамуына өз үлесін қосты.

Шын мәнінде, XIX ғасыр саяси және құқықтық сипаттағы айтулы оқиғаларға толы болды. Еуропа Халықаралық құқықтың орталығы болып қалыптасты. Демократия және ұлтшылдық қатар дамып, ортада араздық ошақтары пайда бола бастады. Өзін-өзі билеу құқығы көпұлтты империяларға қауіп төндірді. Индустриалды революция Еуропаны күшейтті. Соның арқасында халықаралық жеке және жария құқықтардың мықты институттары қалыптасты.

XX ғасырдың басында бүгінгі халықаралық құқықтың іргесі бекіді. Мысалы, Қазақстан қатысушы болған көптеген халықаралық шарттар соңғы 100 жылда қабылданған болатын. Екі дүниежүзілік соғыстың аяқталуы, Ұлттар Лигасы, кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы халықаралық құқықтың белгілі деңгейде бүгінгі сипатын және даму бағытын айқындады. Социализм және капитализм әртүрлі құқықтық нормалардың жүйесін ұсынды. Дегенмен батыстық халықаралық құқық теориялары алдыңғы қатарға суырылып шықты. Ол туралы алдағы дәрістерде егжей-тегжейлі талқылайтын боламыз.

## Сұрақтар

1. Халықаралық құқық жүйесінің мемлекеттің дәстүрлі құқықтың жүйесінен айырмашылығы қандай?
2. Халықаралық құқықтағы күш қолданудың рөлі қандай?
3. Қазіргі халықаралық құқықтың негізін қалаушылары атаңыз және олардың халықаралық құқыққа сіңірген еңбегі туралы не білдіңіз?



### Әдебиеттер

1. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Стр. 5-19.
2. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 1.
3. L.Henkin, International Law: Politics and Values, Dordrecht, 1995.
4. Nussbaum, A Concise History of the Law of Nations, revised edition, New York, 1954.